



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ



ҚОРҒАНЫ



МЕН ҚАЗАҚПЫН

Қазақ болып тумағанда нетер ем?
Бұл жалғаннан бақыт таппай өтер ем.
Желдей жүйрік жылқы мінбей

Жалғанда,
Аламанда ат оздырмай кетер ем.

Қазақ болып тумағанда нетер ем?
Өкінішпен өртенер ем, өте мен.
Қасиетті домбыраны қолға алмай,
Қоңыр үнді әуелетпей кетер ем.

Қайырмасы:

Мен қазақпын,
Бойымдағы қан қазақ.
Мен қазақпын,
Мен шырқайтын ән қазақ.
Бір қазақтың
Бақыты мен бағына,
Барша үнімен
Қуанса екен бар қазақ!

Мен қазақпын,
Түрім қазақ тіл қазақ.
Мен қазақпын,
Мен айтатын жыр, қазақ.
Сүйеу болсын тіреу болсын,
Мың қазақ
Сүрінгенде, бүлінгенде бір қазақ.

Қазақ болып тумағанда нетер ем?
Қалай басқа байрақтарды көтерем.
Жеті бірдей қазынамнан айырылып,
Жеті атамды жаттай алмай кетер ем.

Қазақ болып тумағанда нетер ем?
Қонақжайлық жайын білмей өтер ем.
Қымыз, шұбат, қазы-қарта, құрт майсыз
Қадір қашып, қарным ашып өтер ем.

(Әскери шеруде
шырқалған ән)



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)
77,38



DOLLAR
328,85



EURO
393,24

АЛТЫН (ун.)
1316,70



ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚАСЫМЫ

Қаскеннің суға түсіп малтығанын көрген емеспін. Жағадан ұзамай жуынып тұрғаны. Сол жолы да сөйтті. Өзі сәл ұзап, ақырын ғана малтып оралған Ғабең дауысын соза маңғазданып сөйлейтін әдетімен:

– Әй, партизан, сен Днепрден күндіз де, түнде де талай өттім, жаудың снаряды келіп тигіп, қайығымыз быт-шыт болып, талай жолдастарымнан айырылдым дейсің. Ал мен сенің суға жүзгеніңді көрген жоқпын. Сырда да,



Есілде де болдық. Енді Ертісінде тұрғаның мынау, кір шая келген келіншекше, – деп еді, Қаскен:

– Ғабе, мен малти білмеймін, оллаһи! – деді.

– Қайықтан айырылғанда Днепрден қалай аман шықтың?

– Қашан болсын жолдастарыма сенемін де, өзенге киімшең күйімде, қару-жарағымды құшақтай қойып кеп кетемін, жолдастарым қолтығымнан демеп алып шығады.

– Шынында туа партизан екенсің, – деді Ғабең оған жылы жымия қарап.

(Толығырақ 3-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Тауқаным
Бағаз немір
мәшинеме...



(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Отандық туризм саласында Алакөлдің орны айрықша. Құрамында радон, сілті және өзге де пайдалы элементтер бар көл суының емдік қасиеті бұрыннан белгілі. Алдағы уақытта Алакөл демалушы ең көп баратын жерге айналуы керек. Бұл туралы Мемлекет басшысы Алматы облысындағы жұмыс сапары барысында айтты.

Елбасы Алматы облысының Үшарал қаласына келгеннен кейін жана әуесжайдың

теңгеге дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Алакөл ауданында көрсетілген қызмет көлемі 2017 жылы 3,5 миллиард теңгеге жетіп, 2014 жылғы деңгеймен салыстырғанда 8 есе артты», — деді ол. Инвестициялар және даму министрі Жәніс Қасымбек «Нұрлы жол» инфрақұрылымы

ісін дамыту стратегиясының іске асырылуы жайын баяндады. Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы ішкі және сыртқы туризмді дамытуда барлық кедергілерді алып тастау үшін Елбасының Қазақстан халқына арналған Жолдауында айтылған тапсырмаларының іске асырылуы, сонымен



ЖЕТІСУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ МОЛ

қызметімен және облыстың шағын авиация саласын дамыту жоспарымен танысты. Алакөл ауданының Ақши кенті стансасындағы теміржол вокзалының жана ғимаратын аралап көргеннен кейін, Президенттің төрағалығымен еліміздің туризм саласын және көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті. Жиын барысында облыс әкімі Амандық Баталов өзі басқарып отырған аймақтағы туризмнің дамуы туралы баяндады. «Соңғы төрт жылда облыста туристік қызмет көрсету көлемі екі есе артты. Бұл көрсеткіш 2014 жылы 3,9 миллиард теңгені құраса, 2017 жылы 8,3 миллиард теңгеге өсті. 2018 жылы мұны 10 миллиард

дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жергілікті және республикалық маңызы бар көлік жолдарын салуға қатысты бөлігінің іске асырылу барысы жөнінде баяндады. Оның айтуынша, 2017 жылы республикалық маңызы бар 4 мың шақырымнан астам көлік жолына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде 603 шақырым жол пайдалануға берілді. Жалпы 2022 жылға дейін 24 мың шақырым жол бір қалыпқа келеді деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ кеңесте «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ президенті Қанат Алпысбаев мемлекет басшысына Алакөл демалыс аймағының 2020 жылға дейінгі көлік қолжетімділігі картасын таныстырып, транзиттік тасымалдау

қатар ЭКСПО-ның оң ықпалын қолдау мақсатымен министрлік тарапынан атқарылып жатқан шаралар жөнінде баяндады. ЭКСПО-ны өткізу барысында елімізге 7 миллионнан астам турист келген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 18 пайызға көп. Ішкі туризм легі 20 пайызға артып, шамамен 6 миллион адамға жетті. Туристтік кластер нысандарын аралағаннан кейін Елбасы Н.Назарбаев Қазақстанның туризм саласын одан әрі дамыту үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы мекемелерге бірқатар тапсырма берді.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

70

мың теңге. Отандастарымыздың басым бөлігінің айлық табысы осындай

148

тонна. Вагоны бар тепловозды сүйреген астаналық балуан көпшілікті төңті етті

8

млн теңге. Қарағандыда браконьерден екі тоннадан астам балық тәркіленді

– Жаңа оқу жылы басталғанда оқушылар кітабын түгендеп әлекке түседі. Мектепте кітап жетіспейді. Бұл мәселе қашан бір ретке келеді?

Сауалы

Аптаңың

Жауабы

Бибігүл АСАНОВА, білім және ғылым вице-министрі:

– Оқулықтар мәселесіне келсек, оған жұмсалатын шығынды жергілікті мекеме қаржыландырады. Жан басына шаққандағы қаржыландыруға оқулықтар кірмейді. Негізінен оқулық тапшылығы тек қыркүйек-қазан айларында ғана сезіледі. Бұл мәселе әкімдіктердің қарауында. Жаңа мазмұн бойынша шыққан оқулықтардың электрондық нұсқасын «Оқулық» орталығынан алуға болады. 2, 5, 7-сынып оқулықтары сайтта тұр. 2018-2019 оқу жылында 3, 6, 8 және 10-сыныптарға арналған, 2019-2020 оқу жылдарының 4, 9, 11-сынып оқулықтары жарияланады.

7 сөз

Екібастұзда дүниеге келген сәбидің салмағы 5,9 келі

Қылмыс

Осыған дейін жалған дипломның жыры Jas qazaq-та көп көтерілді. Оқу жылы аяқталар тұста ғаламторда диплом сататындар мен диплом жазатындардың хабарламасы қаптап кетеді. Бұл жолы Ақмола облыстық ішкі істер департаментінің құрығына Көкшетауда дипломдық жұмыс жазып берумен айналысып, алаяқтық жолмен ақша тауып келген 38 жастағы әйел түсіпті.

ПД баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, күдікті әйел танымал жарнама сайтына тіркеліп, дипломдық және курстық жұмысты ұсынған. Мұндай жарнама инемен құдық қазбай-ақ құжатқа

қол жеткізгісі келетіндер үшін оңай олжа. Алайда опық жегендері полицияға барып шағымданыпты. Алаяқ әйелдің жарнамасына алданған көкшетаулық тұрғын диплом жазып беремін деп уәде берген адаммен тек телефон арқылы сөйлескен. Содан соң әлгі алаяқтың есепшотына сұраған 25 мың теңге ақшасын бірден аударып салды. Алайда ақша қолына тиген күдікті телефонын көтермей қойған. Криминалдық полиция қызметкерлері бірнеше ай бойы жедел-іздістіру шарасын жүргізіп, нәтижесінде 38 жастағы әйелді қолға түсіріпті. Қазіргі кезде, күдіктінің үстінен соталды тергеу амалдары жүргізілуде.

Әлеумет.t⁰

Қазір банкке кіріптар адам көп. Жуырда мен де бір банктің «қорығына» кірдім де кеттім. Ешкім еріккеннен қарыз алмайды. Бәрі қажеттіліктен. 1 миллион теңгеге өтініш берген едім, 8 пайызын комиссияға ұстап, қолыма 920 мың теңге берді. 3 жылға бөлгенде, артық төлем 364 мың теңгеге бір-ақ шықты. 8 пайыздық комиссиясын (80 мың), үстіндегі артық төлемін (364 мың) қосып есептегенде, банктің менен алатыны 50 пайызға жуықтап тұр. Несие алған кезде, бәрі оңай. Барасын, арыз жазасын. 10-15 минуттың ішінде қалтаң кампайып, кассадан қайқайып бара жатасын. Бір-ақ сәтте байып, кісі танымай қалатынын бөлек әңгіме. Мұны неге айтып отырмын? Қазір несие берумен банктер ғана емес, кейбір ұйымдардың өздері айналыса береді. Олардың үстеме ақысына қарасаң, менің күнкілім түк болмай шықты. Мәселен, соңғы кездері «онлайн-несие» деген пайда болды. Жарнамасы жер жарады. Кез келген адамға, тіпті жұмыссыз бен зейнеткерге де несие береміз деп кісінің көзін қызықтырады. Олар несиені интернет арқылы рәсімдейді. Әлгі шағын қаржы

Елімізде онлайн-несие берумен айналысатын 15 фирма заңды түрде тіркеліпті. Жұмысы да қызып тұрған көрінеді. Бұдан бөлек, аңқау мен аңғал азаматтарды алап жүрген жалған несие ұйымдары да жетерлік. Олардың қапқанына түсіп қалғандар да кездеседі. Сондықтан қаржы қитұрқысының қалтарыс-бұлтарысын жақсы білетін мамандар халыққа интернет арқылы ақша аларда аса сақ болуға кеңес береді. Қаржы ұйымдары қарыз берер кезде клиент туралы мағлұматты заңсыз жинайды. Негізі, несие рәсімдеу үшін ақшаға мұқтаж кісінің жазбаша рұқсаты болуға тиіс. Бірақ онлайн ұйым бұл талапты сақтамайды. Мұндай шікілікті көріп тұрса да, қарызға батқандардың қарасы мол. Елімізде осындай жолмен 236 мың адам интернеттен жедел несие алып үлгеріпті. Ал мұндай клиенттің құқығы заңмен қорғалмайды екен. Өткенде депутаттардың сұрағына жауап берген Ұлттық банктің төрағасы Данияр Ақышев «Онлайн-несие беретін ұйымдардың жұмысын реттеу керек. Егер банктер 56 пайыздық жылдық үстемақымен

ШҮКІР, БАНККЕ ҚАРЫЗБЫН!

ұйымдарының ғаламтордағы сайтына кірсеңіз, шынында да несие алу аса қиын емес. Сілтеме арқылы өтіп, өтініш қағазын толтырасыз. Төл құжаттыңызды, мекен-жайыңызды, қарызды қайтару мерзімін сұрайды. Ал ақша карточканызға кел түседі. Онлайн-несиені алу оңай болғанымен, оны қайтару қиын. Жылдық үстеме ақысын айтудың өзі қорқынышты! 900-1000 пайыз! Өңіңіз түгілі, түсіңізге де кірмейді. Бірақ қаржыдан қысылғандар ондай кезде саусакпен санай алмайтын пайызға қарап жатпайды. Мәселен, қарызға белшесінен батып, жанайқайын КТК телеарнасына жеткізгендер баршылық. Солардың бірі — Қарағанды тұрғыны Кристина. Ол интернет арқылы бір ұйымнан 85 мың теңге, екіншісінен 200 мың теңге алған. 1 айға деп рәсімдеген несиені дер кезінде қайтара алмай, кешіктіріпті. Алғашқысының қарызы 550 мың, соңғысы 1 млн 200 мың теңгеге дейін «ғарыштық жылдамдықпен» өскен. Астаналық Жандос та қаржыдан қысылғанда жылдам ақшаға жүгінгендердің бірі. Интернет арқылы бір айға 100 мың теңге алып, үш есе артық төлеммен әрең қайтарыпты. Бұрынғылар «Оңай келген ақша оңай кетеді» деуші еді. Ал онлайн-несие оңай келгенімен, оңай қайтпайды. «Қарыз күліп кіріп, жылап шығадының» дәл өзі.

қарыз берсе, онлайн-несиеде шек жоқ. Олар 700, тіпті 900 пайызға дейін көтереді» — деп таңқалған. Ұлттық банк бұдан былай қолы қысқа, қалтасы жұқа талай жанды қанап келген қаржы ұйымдарына тосқауыл қоймақшы. Бұдан былай мұндай компаниялар жылдық үстемесі 100 пайыздан асырмауға тиіс. Сондай-ақ несие тек теңгемен беріледі. Егер шағын фирма жаңа заңда жазылған осы талапты бұзса, клиентке берген қарызы қайтарылмай, келісімшарттың күші жойылады. Ұлттық банк тіпті онлайн фирмаларды сотқа сүйреуге дайын. Мұндағы мақсат — интернет арқылы несие беретін ұйымдарды жабу емес, азаматтарды өмір бойы қарыз төлеуден құтқару. Мәжіліс мақұлдаған «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң аузы күйген адамдарды қорғайды деген үміт бар. Құжат күшіне енсе, еліміздегі мың пайызбен несие беретін шағын фирмаларға жаппай тексеру жүргізілуі мүмкін. Теледидардан осыны көргенде «Шүкір, интернетке емес, банкке қарыз болғаным!» дедім еріксіз.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Қызықстан қызықтары

Алматыда көлік жүргізушісі жол өрежесін бұзып қана қоймай, дипломатиялық нөмірді қағаз картоннан жасап тағып алыпты. Қазақстан Әкімшілік кодексінің 590 және 596-баптары бойынша айыпты деп танылып, 1,5 жылға көлік жүргізуші куәлігінен айырылды. Сот үкімі күшіне әлі енген. Жүргізуші өз кінәсін толық мойындап, жазған түсініктемесінде көлікке картон қиындысынан жасалған жалған нөмір таққанын айтқан.

Bank

Бұл банктің жарнамасы жойқын еді. Клиенті де көп, 800 мыңға жететін. Бүгін олар банкке салған миллиондарын алуға асық. Асыққаны сонша, алғашқы үш күнде ақшасына алаңдағандар 30 млрд теңгесін алып кетті. Салымды шектеусіз қабылдаған банк жеке тұлғаға жүз мың теңгеден артық бермей жатқан күннің өзінде.



ЖАРНАМАМЕН ЖАБА ТОҚУ

«Мемлекет 3 триллион теңгеден астам қаражат бөліп, банк жүйесіне бұрын-соңды болмаған қолдау көрсетті. Бұл ретте банктер тарапынан берілген несиенің көлемі артқан жоқ. 2017 жылдың соңында 12,7 триллион теңгені құраған. «Жұмыс істемейтін» несиенің үлесі – 10 пайыз. Биыл көрсеткіштері өте нашар банктерді сауықтыру жөніндегі Ұлттық банк бағдарламасы тоқтатылады. Акционерлерді дұрыс басқара алмағандықтан бұл банктер қарызға батып, салымшылар алдында өз міндеттемелерін орындай алмады. Сол себепті көрсеткіштері нашар болды. Бұл жағдайдан қалай шығуға болады? Бұл банктерді сақтап қалу үшін акционерлер өздерінің жеке қаражатын құйып, кезінде олардан шығарып алған қаржыны қайтаруы тиіс».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Президенті
(Ұлттық банк қызметінің қорытындысы бойынша өткізілген кеңесте сөйлеген сөзінен)

Жарнамасы жер жаратын екінші банктің күйі бұдан да мүшкіл. Ұлттық банк оның лицензиясын тоқтатып, маусымның 27-не дейін есепшот ашуына тыйым салды. Бұған қаржы жүйесіндегі ережені бірнеше рет бұзуы себеп.

Тағы бір банктің тақырға отыруына берген несиенің уақытында қайтпауы ықпал еткен деседі. Деректерге жүгінесек, қайтуы қиын ондай қарыздың көлемі 53 пайыздан асып жығылады.

Әнгімемізге өзек болған осы үш банктің басындағы ахуал түрлі сауалды көлденең тарталды. Соның ішіндегі ең бастысы «неге аяқ астынан осылай болып қалды?» дегенге кеп тірелсе керек. Осыдан бір ай бұрын «Астана банкі», Qazaq bankі және «Эксимбанктің» жағдайы күрт нашарлайды» деп жар салып, ешкім жалпақ жұртқа ескерту



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

↓

Мәскеуде ұсталды

Белгілі банкир Жомарт Ертаевтың Мәскеуде не үшін ұсталғаны анықталды. Еліміздің ішкі істер министрлігі хабарлағандай, ол аса ірі көлемдегі алаңқтық ісі бойынша халықаралық іздеуде болған.

Ж.Ертаев «Bank RBK» АҚ директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі болған кезінде жалған ЖШС арқылы 80 миллион доллардан астам сомада банктен борыш алуға ықпал еткен. Сондай-ақ бұл қаражатты қайтармау үшін қитұрқы іс-әрекетке барыпты. Қазіргі уақытта қашқын банкирді елімізге қайтару мәселесі шешіліп жатыр.

Еске сала кетейік, Ж.Ертаев осы аптада Мәскеу қаласындағы «Москва-Сити» іскерлік орталығының аумағында жүргізілген арнайы операция барысында қолға түсіпті. Ол бұған дейін де бухгалтерлік есеп және қаржы есебі туралы заңнаманы бұзды деген күдікпен қамауға алынған еді. Ал айда тоғыз айдан соң айыппұл төлеп, босап шыққан. Бұл жолы қалай болар екен?..



алмайтынын естісе, тегін жұмыс істеуге кім құлшына қойсын? Төлем атаулы өтпей жатыр. Тіпті қолма-қол ақша алудың өзі қиямет. Тимурдың өндіріс ошағында 40 адам жұмыс істейді. Қазір жұмыс тоқтап тұр. Себебі белгілі. Төлем болмағандықтан, материал да жоқ.

Клиенттер бірінші маусымға дейін ақшасын бөліп-бөліп алады. Содан кейін барып, мәселе біржақты болуы тиіс. Депозитке салғандарға да бұл айда өсім төленбейді.

Айта кеткен жөн, мемлекет осыған дейін аталған банктерге қол ұшын созып, 653 млрд теңге бөлді. Сондай-ақ 710 млрд теңге қарыз кешірілді. Қомақты көмек алғанымен, олардың жанданып кетпегенін көрсеткіштердің өзі айтып тұр. Ал ресми тексеру мен іс-жүзіндегі ахуалдың бір-біріне сәйкес келмейтіні сарапшы қауымды еріксіз таңқалдырады. Солардың

бірі, белгілі экономист **Рахым ОШАҚБАЕВ** кеше ғана капиталы мықты болған қаржы ұйымының бүгін неліктен дефолт табалдырығында тұрғанын түсінбей жүр. Ол телеарнаға берген сұхбатында былай деді: *«Ақшасы таусылса керек, салымшыларына бір тиын тауып бере алмай отыр. Өздері де қызық. Сәуірдің*



барлық елдерге тән талап. Тіпті Ресейдің өзінде соңғы 3 жылда жүздеген банк жабылды. Өздігінен емес, әрине. Терістік көршідегі Орталық банк ешкімнің бет-жүзіне, қожайындарының атак-беделіне қарамастан, талапқа сай келмейтіндердің лицензиясын қайтарып алып жатыр. Олай етпесе де амалы жоқ. Санкция қысқан сайын саны көп, сапасы жоқ арамтамақ банктерді асырау мүмкін болмай қалды.

Біздегі қаржы жүйесіндегі басты кілтіпан екінші деңгейдегі банктердің экономикаға қаржы салуға құлықсыздық танытуы болса керек. Нақтырақ айтсақ, экономиканы ұзақ мерзімді несиенен қамтамасыз етуге белсенді түрде араласпауы олардың толыққанды қаржы ұйымы ретінде өсіп, өркендеуіне тежеу болып тұр. Батыстан тым арзан несие алып, оны қымбатқа сататын, сөйтіп, портфельді оңай кампайтатын «алтын дәуір» келмесе кетті. Ақыры, бізге де келіп жеткен трендке жүгінесек, ендігі жерде акциясы қор нарығында сұранысқа ие, нағыз бәсекеге төтеп бере алатындар ғана қызметін жалғастыра алатын сияқты. Себебі жарнамамен жауырды жаба тоқығанымен, алысқа бара алмайсын. Капитализмнің катал заңы бәрібір дегенін істеппей тұрмайды.

Олжас БАЙЖАН

Болжам

Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕКҚДБ) еліміздің 2018 жылғы экономикалық өсіміне қатысты оң баға берді.

Банк сарапшыларының болжамы бойынша, биылғы жылы еліміздің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 3,9 пайызға, 2019 жылы 3,8 пайызға артуы тиіс.

бағдарламасы сияқты ірі инвестициялық жобалармен, сондай-ақ елді газдандырумен байланысты болмақ» делінген баяндамада.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ КҮТІЛУДЕ



«Қазақстан ЖІӨ-нің артуы қысқа мерзімдегі өсімі мұнай бағасының қымбаттауымен, «Тенішевройлдың» даму

«Елдің ұшжылдық бюджетіне сәйкес, бюджет тапшылығын 2018 жылы 1,1 пайызға, ал 2019 жылы 1 пайызға азайтпақшы» деп жазады банк сарапшылары.

Сондай-ақ баяндамада «7-20-25» бағдарламасы, табысы төмен жандардың салық ауыртпалығын азайту, Астананы газдандыру және аймақтарды дамытуды көздейтін Президент Н.Назарбаевтың жаңа экономикалық бастамасының тиімділігі айтылған.

Онлайн

ТҰРҒЫНДАР ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН БАҚЫЛАЙ АЛАДЫ

«Атырау цифрлық қабылдау» қалалық мобильдік қосымшасында «Жол» модулі ашылды. Ол ағымдағы жол құрылысының көлемін көруге мүмкіндік береді.



Атырау облысы әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, модульде құрылыс жүріп жатқан жол учаскелері мен құрылысы жоспарланған бөліктер бейнеленген. Тұрғындар олардың арасынан өзлеріне қажетті көшені тауып, жол құрылысына қатысты өз пікірін қалдыра алады. «Қазір осы модуль тестілеуден өтіп жатыр. Қала тұрғындары өз ұсыныстарымен соңғы нұсқасын қалыптастыруға көмектеседі деп

үміттенеміз», — дейді Атырау облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

2017 жылы Атырау облысында 371 шақырым жол салынды, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 2 есе артық. Осы жылы облыс орталығындағы жол құрылысы мен жөндеуге айрықша көңіл бөлінді. Жыл соңына дейін жалпы ұзындығы 280 шақырым болатын 330 көшеге асфальт төсеу жоспарланды.

Заң жобасы

САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІГІ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ



Елімізде түсірілген фильмдер қосымша құн салығынан босатылады. Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты заң қызметі департаментінің директоры Күміс Сейітова «Кинематография туралы» жаңа заң жобасын таныстырғанда осылай деді.

«Қазіргі кезде отандық кинематографиядағы барлық процестер «Мәдениет туралы» Заңның бірнеше баптарымен ғана реттеледі. Бұл, әрине, кино сияқты ауқымды саланы толық реттеуге мүмкіндік бермейді. АҚШ, Франция, Германия, Ресей, Ұлыбритания, Қытай тәрізді жетекші елдердің тәжірибесіне сүйеніп, осы маңызды мәселені заңнамалық деңгейде реттеуді ұсынып отырмыз», — делі ол. Департамент директорының айтуынша, аталған заң жобасында бірқатар салық жеңілдіктері қарастырылған.

Келісім

ЖОЛ ЖӨНДЕУГЕ ҚАРЖЫ ТАБЫЛДЫ



Күрті-Қапшағай тасжолының бөлігін қайта қалпына келтіру жобасын қаржыландыру туралы алдын ала келісімге қол қойылды.

2018 жылғы 8 мамырда Иорданияда Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕКҚДБ) басқарма кеңесінің жыл сайынғы отырысында еліміздің қаржы министрі Бақыт Сұлтанов пен ЕКҚДБ президенті Сумантра Чакрабарти Күрті-Қапшағай тасжолындағы учаскені (67 км)

қайта қалпына келтіру үшін 106 млн АҚШ долларын бөлу туралы алдын ала келісімге қол қойды» делінген хабарламада. Бұл жоба көлік саласындағы «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылмақ. Жобаның мақсаты — Алматы және Астана қалаларын байланыстыратын Күрті-Қапшағай тасжолының бөлігін қайта қалпына келтіру. Жобаға бөлінген қаржыны инвестициялар және даму министрлігі қалағалайды.

Ақтаңдақ

Бұдан 100 жыл ілгеріде, 1918 жылғы 1 мамыр – Еңбек мейрамы күні Ташкентте Түркістанның Советтік автономиясы жарияланды. Ал сол тарихи оқиғадан екі жарым ай бұрын Қоқан талқандалып, Түркістан өлкесіндегі алғашқы автономия жойылған еді...

1917 жылғы қарашаның ортасында Ташкент большевиктері Түркістан өлкесіндегі билікті қолға алды. Петроградта қазанның 25-інде жасалған төңкеріс үлгісімен, өлкеде совет өкіметі орнағанын Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің III съезінде жария етіп, халық комиссарлары кеңесін құрды. Мұсылман ұйымдары атынан съезге келіп сөйлеген Серәлі Ләпин еуропалықтардың Түркістан өлкесінде бар болғаны бес-ақ пайыз екенін естеріне салып, құрылмақ үкіметте соған пропорционал жергілікті халық өкілдері болуын талап етті. Алайда большевизм елді басқару жұмысына оларды жолатпады: «Түземдіктер арасында пролетариат жоқ!». Бұған наразы мұсылман ұйымдары шұғыл съезд шақырды. Мұсылмандардың төтенше IV құрылтайы 1917 жылғы 24 қарашада Қоканда ашылды. 28 қарашада Түркістан өлкесінің автономиясын жариялап, Халық Кеңесі мен Үкіметін сайлады. Орта Азияда тұңғыш ұлттық-демократиялық мемлекет құру қарекеті осылай қолға алынды. Оның онай болмасын Шора-и-Исламияның — мұсылмандардың орталық кеңесінің — төрағасы Мұстафа Шоқай кіріспе сөзінде ескерткен. Төтенше кеңесте құру онай емес, өйткені қазіргі таңда ондай ұлы істі жүзеге асыруға қажет білікті кадр да, жеткілікті тәжірибе де жоқ. М.Шоқай «Ең бастысы — автономиямызды қорғайтын армия да жоқ. Русияның бүгінде қатты әлсірегенін көріп отырмыз, бірақ соның өзінде ол бізден әлдеқайда күшті. Сондықтан да біз онымен жауласпай, достық рәуіште өмір сүруге тиіспіз», — деген. Сосын: «Большевиктердің бәрін қүйрететін қиратқыш күш-қуатқа не екеніне күмәнім жоқ. Оған толық сенемін. Бірақ, бәрібір, Совет саясатын ұнатпаймын», — деді. Большевиктер қүйреткіштік қабілетін тез-ақ көрсетті. Желтоқсанның 13-інде жұрт — Ташкенттің өзбек, қазақ-қырғыз тұрғындары мен айналадағы ауылдардан келген салт атты қалың қазақ — өлкеде елдік туы көтерілгеніне шаттанған. Алайда автономия тойының шырқын большевиктер бұзды. Бейбіт халыққа тасадан пулемет оғын жаудырды. Олардың мереке кезінде жасаған қанды қырғынын халық ешқашан кешпейді деп, ұлт қайраткерлері большевизмнің озбырлығына қасақана, автономия іргесін түрлі саяси шара қолдана жолымен нығайту жұмысын жүргізе берген. Алайда Түркістан автономиясының ұмыры бар болғаны 64 күнге созылды. Үкімет құлатылды. Шаһар қиратылып, Қоқан халқы қанға бөкті. Бұл жайлы «Бірлік туы» газетінде Сұлтанбек Қожанов пен Хайретдин Болғанбаев нақты күәлік қалдырды.



Сұлтанбек мақаласында мүдде қайшылығын танытқан съездерге шолу жасады. Ташкентте большевиктер билікті зорлықпен қолға алғанда, келісіммен іс қыла алмайтынына көзі жеткен мұсылман ұйымдары «Қоқан шаһарында съез жасап, автономия ығлан етіп еді». Алайда большевиктер «бұл автономияны танымаймыз, өйткені ол Түркістанның байлары һәм моллалары жасаған іс. Оған кедейлердің қатысы жоқ» деген желеу айтып деп жазды ол. Сонда мұхторият үкіметі 25-ші желтоқсанда «жұмыскері бар, егіншілері бар, тағы съез жасады, онда Түркістан автономиясын жақтап, большевиктерге қарсы қаулы» алынды. Бұған большевиктер: «бұл — кедейлердің байлардан қорқып, жалтақтағаны», «шын кедейлер бұл сөзді айтпайды», «мұның үстіне Түркістан аймағында... қазақ-қырғыз автономиясы туралы бір сөз де айтылған жоқ. Соның үшін де бүгін Түркістан атынан ығлан етілген деуге болмайды. Байлардың етіп жүрген қулығы екені осыдан білініп тұр» — деді. Олардың осы жаласына жауап ретінде «... бүгін Сырдария облысы қазақ-қырғыз ғинуардың 6-сында Түркістан шаһарында съез жасап, съезде Түркістан автономиясын жақтап, большевиктерге қарсы қаулы жасады. ...Енді большевиктердің сөзі таяусызды ғой деп едік, тағы: «болған сөздердің барлығы да байлардікі. Ішінше кедейлер болса, көбі — байлардың қасы мен қабағына қарағандар. «... Біз өзіміз шын мұсылман кедейлерінің басын қосып, «мұсылман советін» ашамыз. Солар автономия керек десе, шын қаулы солардікі болады. Соларға ғана береміз» ...деп жалтарып шыға келді». ...23-ғинуарда: «Автономияны жоғатту тиіс. Мұсылмандар өздерін басқарып жүретін шекке жеткен жоқ», — деп қаулы жасады. Он миллионнан астам

мұсылмандарды, ...бүгін Түркістанды 5-6 большевик билеуге бел байлап отыр. ...жүре-бара түзеліп кетер деген автономиямыз... бұған қол көтерілейін деп тұр, қарсы іс істелейін деп тұр...». Осындай қауіп білдірген Сұлтанбек Қожановтың мақаласы «Бірлік туында» 1918 жылғы 29 қаңтарда жарияланған еді. Ал жорымалы зұлымдық 31 қаңтарда аныққа шықты...

Совет өкіметін мойындаудан бас тартқан Түркістан автономиясының үкіметін тәубесіне келтіру үшін Ташкент большевиктері орталықтан жәрдем сұраған. Көмек кешіккен жоқ. Мәскеуден теміржолмен окшашары, зеңбірегі мол қызыл әскер тиелген он бір эшелон келіп жетті. Оған қоса, өлкені патша әскері жаулап алғалы бері Ферғана алқабындағы қалаларға келіп қоныстанып, «Дашнакцутюн» саяси партиясына ұйысып алған армяндарды большевиктер қарумен арнайы жабдықтады. Дашнак-армяндар большевизм әскерінің қатарында Қоканды айрықша өшпенділікпен талқандады. Халықты аяусыз қырып, қатыгездікпен көзге түсті. 1918 жылғы 31 қаңтардан 10 ақпанға дейін созылған сойқан соққы барысында большевиктер армиясы Түркістан мемлекетінің астанасын тас-талқан етті. Осылай, Түркістан өлкесін айналдырған жарты ғасыр ішінде әуелі империя мүддесін көздеген патша әскері, енді, міне, екінші рет, тап сол империялық мүддені таптық жалаумен бүркемелеп қүйттеген совет әскері жаулап алды. 120 мыңдай халқы болған шаһар қирап, тұрғындарының төрттен бір бөлігі ғана аман қалды. Хайретдин Болғанбаев бұл күндерді Түркістан өлкесі халқының есінен өмірінде шықпас деп жазды. Өйткені осы он күнде «адам пішінді жыртқыштар» зеңбірек, окшашармен Қоқан көшелерінде көріні, жасты, еркекті, әйелді талғамай, құтырған қасқырдай қырды. Неше мыңдаған бейбіт халықты қамыстай жапырып, шаһардың күлін көкке ұшырды. Бейқұнә мұсылман халқының қаны судай ақты. «Бұршақтай жауған пулемет оқтары астында тұла бойлары қалш-қалш етіп, екі көзі білеудей болып, құлындағы даусы құраққа шығып шыңғырған жас сәбилердің», «құшағына баласын қысып, екі көзі уясынан шығып қайда тығыларын біле алмай, дуалдан дуалға секіріп жүрген мұсылман әйелдерінің», «аяқ-қолдары тәттіректенген, аппақ бастары селкілдеген сорлы кемпір-шалдардың» көрген қорлықтары, «тірідей отқа тасталғаны» ешқашан ұмытылмас. «Адам-хайуан» есепсіз

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАУАРИХ

мұсылман халқының қанын судай шашып, «өсіп келе жатқан бостандық гүлін» табанына таптады. Бұл он күн «Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндерге айналды». Сол күндергі жауыздықты жүрегі жылай отырып жазған Хайретдин «Русияның үлкен өзгерісінің буына желігіп», «қашанғы жоғатқан еркіндігіне талпынған» «сорлы Түркістанды» алданды дейді. Ақылы шақырады. Өлген теңдіктің шеттен келген бұмен тірлімейтінін айтып, шын теңдікті аңсасаң — «өзгеріс буы өзінен шықсын» дейді. «Адам пішінді жыртқыштардың тұла бойлары қан сасиды», солардың хайуандығынан «көз алдында судай аққан кінәсіз қан» бойына жылу жүгіртіп, «баяғы айбыны күшті Темірін мен ақылы дана

Бабырларыңды» есіне салуға тиіс дейді. «Ұлтын сатып, дінінен безген бұралқылар», біліндер, «достарыңның қолдарыңдағы жосадай қызыл бояу» — өз «бауырларыңның қаны» дейді, діни кітаптағы Әббi мен Қабыл аңызын еске салып, «әлде сендер Қабылдың сарқытын ішіп, өз бауырыңды өз бауыздаған, өз ұлтыңмен өзі безген шоқындысыңдар ма?!» деген ауыр сұрақ қояды. Хайретдиннің бұл мақаласы «Бірлік туы» газетінің 1918

жылы 15 наурыздағы санында жарияланған-тын...

Түркістан автономиясын қатыгездікпен жойған жауынгерлік операцияның қайғылы салдары Мәскеуді қатты алаңдатты. Сондықтан, басмашыларға қарсы соғыс қимылын жүргізе отырып, «тәтті күлшемен» халықты алдаусыратуды да мұқият ойластырды. Түркістанның Советтік автономиясын жариялауды өзірлеу жөніндегі комиссияға орталық уәкілі етіп түркі халықтарынан шыққан Құсайын Ибрагимов пен Юсуф Кливлевцев қосты. Түркістан өлкесі кеңестерінің V съезі 1918 жылғы 20 сәуірде ашылып, 1 мамырға дейін жұмыс істеді. Қазақ, өзбек, түркмен, қырғыз, қарақалпақ, сондай-ақ пәлен ғасыр олармен бірге тұрып, біте қайнасып кеткен тәжік мекендейтін Түркі елінің кеңестік автономиясын жариялады. Съезд Түркістан Федеративтік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің (төрағасы П.Кобозев) құрамындағы 36 мүшенің жетеуін, Халық комиссарлары кеңесінің (төрағасы Ф. Колесов) құрамындағы 16 мүшенің үшеуін жергілікті халық өкілдерінен сайлады. Бұл, қанша дегенмен, сәл де болса әділетке бет бұрушылық іспеттенді. Өйткені, еуропалық аз кірме өткізген Түркістан өлкесі Кеңестерінің 1917 жылдың 15—22 қарашасындағы III съезі алғашқы Халқомкенес (Ф. Колесов сонда бірінші рет төраға боп сайланған) құрамына бірде-

бір жергілікті ұлт өкілі енгізбеген болатын. «Түркістандағы Ленин» деп дәріптелетін И.Тоболін серіктерімен оларды басқару ісіне пісіп-жетілмеген деп санаған-ды. Марксистік көзқарас бойынша көшпенділердің болашағы жоқ. Сондықтан, ашықса да, азық-түлікті оларға емес, әлемдік революция жасайтын Қызыл армияға беру керек деген ұран солардікі еді.

Түркістанның Кеңестік автономиясын жариялап, өкіметінің құрамына бірлі-жарым түркі қайраткерін қосу арқылы, большевиктер жергілікті халыққа көрсеткен бастапқы астам көзқарасының ептеп өзгере бастағанын сездірді. Осы жәйттен үміттенген, әрі Қоқан қырғынынан көңілдеріне қаяу түсіп, шарасыздыққа душар болған ұлт қайраткерлерінің большевиктер беріп



халыққа уәде еткен жақсылығын жүзеге асыруға тікелей атсалысуды парызым деп ұқты...

«Түркістан Кеңестік автономиясының он жылдығына» (1928) атты кітапшасында Сұлтанбек Қожанов өлкедегі төңкерістің табиғатына, саяси күштер мен олардың әлеуметтік сүйеніштеріне талдау жасап, Түркістанның 1918 жылғы 1 мамырда мемлекеттік құрылым ретінде рәсімделуі кейінірек Орталық Азияда бес бірдей ұлт республикасының құрылуына кеңестік база жасап берді деп қорытты. Түркеспублика алты жыл ғана өмір сүрді. Соның өзінде ол өлкенің саяси тарихында өшпес із қалдырды. Өйткені империяның мешеу отары болып келген аймаққа автономия беру арқылы, Қожановтың сөзімен айтқанда, «ұлттық құрылыс салудағы нақты алғашқы қадам жасалды. Бұл сонысымен маңызды». Шынында да, советтік негізде болса да, Түркістан Республикасының шаңырақ көтеріп, алты жыл қызмет атқаруы өлкені мекендеген ұлттардың болашақта мемлекеттік тәуелсіздікке жетуіне жол салған ұлы оқиға болды. Түркеспублика кеңес билігі қоластындағы Шығыста тез арада қаһарлы ұлттық мемлекеттік құрылымға айналды. Қысқа мерзімде ұлттық кадрлар қатарының толыққаны сондай, 1920 жылы-ақ Тұрар Рысқұлов бастаған ұлт коммунистері Түркі Республикасын және Түркі халықтарының коммунистік партиясын құру туралы қаулы қабылданына ұйтқы болды. Түркістан жұртының мұндай біртұтастық танытуға ұмтылуы орталық биліктің үрейін ұшырды. Ленин өлкені «Өзбекия, Казакия, Түркменияға» бөлшектеу арқылы ондағы ұлттық-аумақтық тұтастықты жою амалын қарастыруды тапсырды. Бас хатшы Сталин 1924 жылдың басында Орталық Азияны жанаша бөлшектеп, тиімді басқару әдісіні енгізу шарасына бата берді. Мәскеу эмиссарлары Түркістан, Бұхара, Хорезм (Хиуа) республикалары қайраткерлерінің тар ұлтшылдық сезімін қытықтап, науқанды қажет арнаға бағыттады. Өзбек пен түрікменнің лауазымды қызметкерлері тезірек ұлттық үй тігіп алу бағытын ұстанды. Оларға сол дәуір ұғымындағы тәуелсіздік туын көтеруің, Кеңес Одағы шаңырағына дербес уық қадаудың ғаламат мүмкіндігі ашылған еді. Мәселе ұлт қайраткерлері арасында қызу талқыланды. Осы үш республика халқына Мәскеу ұсынғандай жеке ел болулары үшін ұлттық белгілері бойынша топтастырып, жанаша жіктеу керек болды. Нәтижесінде, түркілердің әр ұлысы өз мемлекетін құрып алу үшін бір-бірінен іргесін ажыратуға ұмтылды. Сонда оларға Түркеспублика басшыларының бірі — Сұлтанбек Қожанов қана қарсы шықты. Ол өлкені ұлттық-мемлекеттік тұрғыда жіктеп-межелелді қарабайырландыруға болмайды деген ойды алға тартты. Ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүріп келе жатқан халықтардың өзара тығыз байланысын күрт узу — межеленудің мақсаты болмауға тиіс деп пайымдалды. Тәуелсіздікті тек бір жақты қарастыруға болмайды. Межелену өзбек пен түркіменге тиімді екен, бірден одақтас республика тәжін киегін көрінеді. Бірақ содан дәмеленіп, көршілерін елемей, жылдамырақ бөлектенсем, өз отауымды тігіп алсам деген өзімшілдік көзқарас түбірімен қате деді ол. Жер еметін өзбек экономикалық тұрғыда қазірдің өзінде тәуелсіз. Оның ғасырлар бойы аралас-құралас тіршілік құрып келе жатқан малшы қазақтан ірге бөліп, ат құйрығын үзіп кетем деуі кеңестік көзқарасқа жатпайды. Ондай әрекет советтердің ұлттарды өзара жақындатып, бірін-бірі толықтыра отырып дамыту идеясына жат. Қожанов осылай пайымдады. Осы пайымы жетегімен, Мәскеу ұсынған жіктелу бағдарламасына көзсіз құлай кетпей, межеленетін республикалардан Орталық Азия Федерациясын құру идеясын көтерді.

Терістіктегі Қазақ Республикасын да қосып, Орталық Азия экономикалық қауымдастығын ұйымдастыру қажеттігін айтты. Сөйтіп, баршасына ортақ Орталық Азия Федерация шаңырағын көтергеннен соң ғана, Кеңестік республикалар одағын құрайтын тәуелсіз мемлекеттер қатарына кірген жөн деп санады. Дамуы кенжелеу ұлттық құрылымдарды

өзықтармен Орталық Азия Федерациясы құрамында теңелту, сөйтіп, бәрін де болашақта дербес одақтық тәж киюге әзірлеу бағытын ұсынды. Алайда жеті-сегіз ай бойы Мәскеудің астыртын басшылығымен жүрген қызу айтыс-тартыс бөлшектенуге құмартқандардың пайдасына шешілді. Қазақ елінің аумағымен (2,8 млн шаршы километрден астам, халқы 6 млн шамасында) салыстырғанда жері оймақтай ғана, халқының саны аз өзбек (құрамындағы тәжік автономиясын қосып есептегенде, қазақ жерінің аумағынан — 3,5 еседей кіші, халқының саны 1,5 еседей аз) және Түрікмен (жері 4 есе, халқы 5 есе аз) республикалары тікелей Одақ құрушы мемлекеттер қатарына кірді. Ал жер-суы мен халқы біріккен біртұтас алып Қазақ Республикасы барлық көрсеткіштері жағынан одақтық тәж киюге лайық болғанымен, автономия мәртебесі өзгертілмей, Ресей Федерациясының құрамында қалдырылды. Жана республикалар өз араларында экономикалық қауымдастық құруды құлшына қолдағанмен, оған Қазақ Республикасының қатысуын қаламады. Қалтын қазақ ауылдары ортасындағы Ташкент, қазақ алыс заманнан өзінің астанасы ретінде таныған Ташкент Сталиннің «қамқорлығымен», одақтас республика туын Самарқанда тіккен Өзбекстанның құрамына берілді. Ал өзбек ішінде шаңырақ көтерген қазақ автономиялық ауданы аз жылда құрлымға кетірілді. Шекара Ташкенттің түбіндегі Құрбашы деген жерден сызылған еді, алайда, мысықтабандап жылжыған өзбек ағайын түрлі амалмен қазақтың едәуір жерін қосымша кертіп бөліп алып, біртіндеп осы күнгі аумақты иеленді. Қазақ елінің тыныс-тіршілігі еуропалық орталыққа байланды. Ал одан, Қазатком төрағасы Сейітқали Мендешовтің V Қазақстан Кеңестері съезінде өте сақтықпен, сылайы мәлімдегеніндей, ашығып жатқан аймақтарға жәрдем бөлгізу, тіпті де мүмкін емес еді. Ақырында, «большевиктердің аштық саясатының» (Мұстафа Шоқай) Сталин жүргізген үшінші кезеңінде, көшпенді қазақ бұрын-сонды көз көріп, құлақ естімеген ұлттық апатқа ұшырады. Көшпенді қазақтың шашылған сүйегі үстіне большевиктер шартараптан «халық жауларын» тасып әкеліп, қазармалық социализм құрылысын салуға кірісті. Одан «тын жерлерді» жанаша игеріп-отарлаушылар мен дәулет құған келімсектерді тоғытып-топырлатқаны сондай, қазақ өз атамекенінде тұратын барша халықтың үштен біріне де жетпей қалды.

Түркістан Федеративтік Республикасын 100 жылдығына орай еске ала отырып, қысқа ғұмыр кешкен осы мемлекеттік құрылымның тарихи тағлымын әлі жете танымағанымызға назар аударғымыз келеді. Тамыры бір, тарихы ортақ Орталық Азия республикаларының одақтас мүмкіндігі кеңес империясы ыдыраған шақта туған болатын. 1924 жылы кері қағылған Орталық Азия федерация құру идеясын 1991 жылы славян республикалары үлгісімен жанаша жаңғырту қажеттігі тіленіп тұрған еді. Мәскеу жасаған жана бірлікке Үлкен Түркістан қауымдастығын құрып, мүше боланда — көп дерттің алды алынар еді. Алайда ол кезең пайдаланылмады. Бертінде Қазақ елі тарапынан баршаға пайдалы Орталық Азия Одағын құру бастамасы көтерілгенде, қырғыз қолдағанмен, өзбек көршілес елдер қарсылық көрсетті. Дегенмен кейінгі кездері өзара тиімді қарым-қатынас жасалуда. Осыған тәубе дегіміз келеді. Тарих — Ұлы ұстаз. Өзімізді өзіміз тарихпен тәрбиелейік, тарихтан тәлім ала білейік. Өлкеміздің болашағы — бірлікте.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
жазушы-тарихшы





Бағдарлама

Талдықорған қаласындағы Рухани жаңғыру орталығында аймақтық оқыту-семинар өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген шара Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» ұйымдастыруымен өткізіліп отыр. «Өзгерістерді өзіңнен баста» және «Іскер азамат – ел тірегі» атты кіші бағдарламаларды таныстыру мақсатындағы семинарға облыстағы 5 ауданнан 30 маман қатысты. Алдағы уақытта облыстағы 17 аудан мен 3 қала мамандарын төрт көзеңге бөліп, семинар-кеңестер өткізу жоспарланған.

Жиын басында сөз алған модератор, Алматы облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық менгерушісі, Өңірлік жобалық кеңсенің басшысы Ғабит Тұрсынбай «Рухани жаңғыру» бағдарламасына тоқталып, жан-жақты мәлімет берді. Оның айтуынша, «Тәрбие және



білім басқармасы 2017-2022 жылдарға жалпы сомасы 877,2 млн тенге болатын 37 жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған. Оның ішінде «Отаным – тағдырым» – 12 жоба (396,1 млн), «Өлкетану» – 9 жоба (24,4 млн) мен «Саналы азамат» – 16 жобаны (456,7 млн) құрайды. Аталған бағдарламаның басты мақсаты – білімге құштар, табысты болашақтың негізін құрайтын бәсекеге қабілетті және белсенді халықты қалыптастыру. Сондай-ақ білім беру ұйымдарын, отбасы және басқа да институттардың тәрбие мен оқыту күшін жұмылдыру арқылы ұлттық жүйені дамытуды көздейді.

бағдарламасы бойынша ақпараттық сүйемелдеу үшін өңірлік букаралық ақпарат құралдарында 3 мыңнан астам тақырыптық материалдар жарияланған. «Жетісу» телеарнасындағы жаналықтар топтамасында мемлекеттік және орыс тілдерінде 200-ден астам телесюжет көрсетілді. LED-экрандарда күніне 5 рет «Туған өлке» жобасы бойынша 3, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы аясында 8 және «Латын алфавиті» бойынша 6 бейнеролик көрсетілуде. «Алғашында 4 кіші бағдарлама дайындалып, кейіннен тағы екеуі қосылған болатын. Соның бірі – «Іскер азамат – ел тірегі» бағдарламасы.

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

білім», «Атамекен», «Рухани казына» және «Ақпарат толқыны», «Іскер азамат – ел тірегі» мен «Өзгерістерді өзіңнен баста» кіші бағдарламасы аясында өңірде атқарылып жатқан жұмыс жетерлік. Мәселен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында облыста 8 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылып, бағдарламаның реестеріне сәйкес 1 миллион адамды қамтыған 200 жоба жүзеге асырылды. Сонымен бірге өңірлік туризмді насихаттау үшін Жетісудың скреч-картасы жасалып, жаңадан құрылған «Жетісу географиялық қоғамының» негізінде өңірдегі киелі жерлерден 15 жаңа өлкетану бағыты айқындалды. «Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жарық көргеніне 1 жыл толуына орай көлемді шара өткізілген

«Атамекен» кіші бағдарламасы казакстандықтардың азаматтық белсенділігі мен жауапкершілік сезімін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, халықты қайырымдылық және волонтерлік қызметпен айналысу жұмыстарына бағыттай отырып, қоғамның өзекті мәселелерін нығайту үшін жағдай жасайды. Өткен жылы аталған бағдарламаны іске асыру шеңберінде жалпы сомасы 10,5 млрд тенге болатын 218 әлеуметтік жоба жоспарланып, оның 98-і жүзеге асырылған. Ал бүгінде кіші бағдарламаның негізгі жобасы демеушілер тарапынан жүргізіліп, оларды одан әрі дамыту жұмысы жалғасуда. «Рухани казына» бағдарламасы рухани құндылықтарға сүйене отырып, халықтың салт-дәстүр, тарих пен

Бағдарлама шағын және орта бизнестің идеясын ұлттың негізі ретінде, қоғамның қайта құрылуы және жаңғыруы бойынша белсенді қозғаушы күші ретінде жүзеге асыруда маңызды. Ал «Өзгерістерді өзіңнен баста» бағдарламасы 2030 жылда мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрыс үлгісін өзгерту және мемлекеттік органдардың ұйымдастырушылық мәдениетін жетілдіру үшін жұмыс жүргізеді», — деді өз сөзінде Ғ.Тұрсынбай. Келесі кезекте І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-дің «Рухани жаңғыру» ғылыми білім беру орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, өңірлік сараптама кеңесінің хатшысы Назгул Байғабатова баяндама жасады. Оның айтуынша, қазіргі таңда кеңес құрамында 26 адам бар. 6 бағыт, яғни 6 бағдарлама бойынша арнайы мүшелері мен үйлестірушілері тағайындалған.

«Өткен жылы облыс әкімі А.Баталовтың үкімімен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында өңірлік сараптамалық кеңес құрылған болатын. І.Жансүгіров атындағы ЖМУ ректоры, география ғылымдарының докторы профессор Қуат Баймырзаев төрағасы болып тағайындалған. Бағдарламаны жүзеге асырудағы жұмыстарға аналитикалық-сараптамалық және әдістемелік мониторинг жүргізумен айналысатын кеңесіміздің кеңсесі аталмыш университеттің базасында орналасқан. Өздеріңізге белгілі, алдыңғы 4 кіші

бағдарламаға сәйкес, өткен жылы талдау, мониторингтік сараптама жүргізу қызметін атқардық. Сондай-ақ былтырғы жылдың 30 қарашасындағы отырысының хаттамасына сәйкес, жаңадан 2 кіші бағдарлама қосылған болатын. Осыған байланысты өңірлік сараптамалық кеңестің құрамына өзгерістер енгізілді», — дейді ол. Бұдан кейін бағдарлама аясында әр ауданда атқарылып жатқан іс сараланып, «Өзгерістерді өзіңнен баста» және «Іскер азамат – ел тірегі» жаңа бағдарламасы таныстырылды.

Лина АЙДЫН,
Алматы облысы

Бірлік

Бірлік мерекесі облыс әкімі Амандық Баталовтың қатысуымен Талдықорғандағы «Жастар» мәдени-демалыс саябағында тойланды. Жиналған қауым назарына облыстағы этномәдени бірлестіктердің көрмесі ұсынылды. Спорт ойындары, «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблі мен

Әлемде теңдессіз саналатын татулық пен бірліктің, көп этностық қоғамдық келісімнің бірегей үлгісі елімізде қалыптасқаны көпшілікке аян. Жыл сайын 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі тұрақты түрде тойланады. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан еліміздегі барша халықтың мейрамды бірге қарсы алуы дәстүрге айналды. Сол дәстүр биыл да заңды жалғасын тауып, Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында атаулы күн жоғары деңгейде аталып өтті.

ғұмыр кешіп жатқан еліміздің ең ауқымды өңірлерінің бірі екендігін, өңірдегі әрбір тұрғынның жан-жақты дамуына барынша жағдай жасалып, халықтың әл-ауқаты

ДОСТЫҚТЫҢ



Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның және басқа да шығармашылық ұжымдар әртістерінің концерті, халық ансамбльдерінің әні-биі жиналған қауымның назарына ұсынылды. Мерекелік шара барысында өңір басшысы Амандық Ғаббасұлы сөз алып, жиналған көпшілікті бірлік мерекесімен құттықтады: — Отанымыздың ең басты байлығы — бірлігі жарасқан көп этносты халқы. «Жүзі басқа болса да — жүрегі, тілі басқа болса да

артып келе жатқанын тілге тиек етті. Алдағы уақытта да бір кісідей атсалыса отырып, Президент жүктеген міндеттердің үлесінен шығуға, облыстың қол жеткізген табыстарын одан әрі еселей түсетініне сенім білдіретіндігін жеткізді. Шынымен де, еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан бері татулық, бірлік, келісім сынды құндылықтардың маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Мемлекетіміздің осы жылдар ішінде бағындырған белесі

КИЕЛІ ШАҢҒЫРАҒЫ



тілегі — бір» халқымыз казак жерінде тату-тәтті өмір сүруде. Тәуелсіздіктің ширек ғасырдан астам уақытындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының басты факторы да — осы. Ұлы дала төрінде 100-ден астам этнос өкілдері бір шаңырақта береке-бірлікте өмір сүруі — Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың әлем мойындаған сындарлы саясатының жемісі. Отанымыздың, Мәңгілік еліміздің мерейі үстем, болашағы жарқын болсын! Сондай-ақ ол басшысы Алматы облысы 100-ден астам этнос өкілдері тату-тәтті

тұрақтылық пен бейбітшіліктің арқасында болса, оның негізі Елбасы айқындаған этносаралық келісім мен бірліктен бастау алады. Қазірде елімізде 140-тан астам ұлт пен ұлыс мекен етсе, соның ішінде Алматы облысында 105 этнос өзара ынтымағы жарасып, тату-тәтті өмір сүруде. Олардың қара шаңырағына айналған елімізге айтар алғысы да шексіз. Шара соны мерекелік концертке ұласып, түрлі ұлт өкілдерінің әні мен биі көрерменді қуанышқа бөледі.

Олеса ТАЖИЕВА, өзбек диаспорасының өкілі:

«Біздің Отанымыз Қазақстан – достықтың киелі шаңырағы, ал осында тұрып жатқан түрлі ұлт өкілдері осы шаңырақтың ұықтары десек те болады. Біз бәріміз бір үлкен отбасымыз. Сондықтан 1 мамыр – біздің ортақ мерекеміз. Қазақ – бәрің көрген халық, Қаншама қиыншылықтан мүдірмей өтті . Тек біздің елімізде ғана татулық пен бірлік бар деп нық сеніммен айтамын»

Анна МЕРЗЛЯКОВА, орыс диаспорасының өкілі:

«Ең алдымен баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қазақстандағы ұлттар достығын көзбен көріп, жүректен сезіп жүргендердің бірі мәнмін. Себебі кеңірі даладай дархан қазақ барлық ұлт өкілін өзінің жақынындай көріп, бір үйдің баласындай бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Бұдан кейінгі уақытта береке-бірлігіміз нығая бөрсін дегім келеді. Сонымен бірге еліміздегі барлық этнос өкілдеріне тең дәрежеде өмір кешуіне барынша жағдай жасаған Елбасымызға алғысымды айтқым келеді»

Эмиль ҚҰРБАНОВ, әзірбайжан диаспорасының өкілі:

«Ұлым әзірбайжан болса да, ата жұртым – Қазақстан. Осы өңірде туып-өстім. Президентіміз Н.Назарбаев «Біз ұлтына және діни наным-сенімдеріне қарамастан, әрбір отандасымызға салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін әр ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз» деген болатын. Елбасының осы бір сөзін басшылыққа ала отырып, Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт өкілі мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне, ұлттар бірлігін сақтауға бір кісідей үлес қосуда.

Лина КӘЛІМХАН,
Алматы облысы



болатын. Ондағы мақсат — бір жыл көлемінде ел аумағында қолға алынған игі бастаманы қорытындылай отырып, алдағы уақыттағы атқарылатын жұмысты айқындау. Аталған шараға Алматы облысынан да бірқатар азаматтар қатысып, өңірдегі жасалған шара турасында мемлекет басшысының алдында баяндама жасаған болатын. Осыған орай біз өз облысымызда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан шара ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеде екенін мақтанышпен айта аламыз», — дейді Ғ.Тұрсынбай. Нақтылай кетсек, «Тәрбие және білім» бағдарламасы аясында облыстық

мәдениетке қызығушылығы мен құрметін оятуды мақсат етеді. Аталған бағдарлама аясында алдағы 3 жылда жалпы сомасы 13 млрд тенге көлемінде болатын 243 мәдени нысан күрделі жөндеуден өтеді деп жоспарлануда. Бүгінгі күнге дейін облыстық 7 мәдени мекемеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ал «Ақпарат толқыны» кіші бағдарламасының негізгі мақсаты — медиа-ресурстар арқылы халыққа бағдарламаның іске асырылу барысы жайлы ақпарат жеткізу және кері байланыс орнату. Былтырғы жылдың сәуір айынан бастап, 2018 жылғы наурыз айына дейін «Рухани жаңғыру»

Бірлік түбі – береке

Астананың
Бейбітшілік
және келісім

сарайында Қазақстан Халқы ассамблеясының кезекті XXVI сессиясы өтті. Түрлі салада қызмет ететін 1500-ден астам адамның басын қосқан сессияға елдің барлық өңірінен қатысушылар келді. Сол қатарда жиынға Алматы облысынан 42 адам делегат ретінде қатысты. Сессияға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы қатысып, баяндама жасады.

Сессияда Елбасының алдында жерлесіміз, «Байсерке-Агро» ЖШС директоры Кирилл Павлов сөз сөйлеу мүмкіндігіне ие болды. Ол өзін әртүрлі салада байқап көргенін айта келіп: «Ақыры ауыл шаруашылығына оралдым. Бүгінде жұмыссыз жүрген жандарды көргенде, оларды ауыл шаруашылығымен айналысуға шақырамын. Қазақстан — аграрлық әлеуеті зор мемлекет. Алайда жастар аграрлық секторды табысты деп санамайды. Бұл — қате пікір. Менің ойымша, Президенттің бес

жариялаған бес бастаманы іске асырудың үш негізгі факторын атады. Оның біріншісі дағдарыстың туындау себебін дұрыс анықтай алмаумен байланысты. Мәселен, қазіргі таңда дағдарыстың шығуына егемен елдердің ішкі ісіне араласу басты себеп ретінде қаралған. Алайда әлеуметтік бірліктің жоқтығын зерттеп, салдарына назар аударатындар некен-

Назарбаевтың әлем мойындаған оң саясатының жемісі. Елбасымыз әлемде теңдесі жоқ қоғамдық институт — Қазақстан Халқының ассамблеясын құрды. Оның қызметінің аясында елімізде тұратын әрбір этнос өкілінің өз тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын ұстанып, өркендетуге мол мүмкіндік жасалуда. Күні кеше Қазақстан Халқы ассамблеясының 26-шы сессиясында



ЖҮРЕГІ БІР,

әлеуметтік бастамасы болашақ ұрпақ үшін қажетті жағдайдың негізін қалады. Үлкен еңбексіз өмірде жеңіс болмайды, сондықтан талмай еңбек етуіміз керек», — деді. Делегация құрамында аға буын өкілдерімен қатар, жастар ұйымдарының көшбасшылары, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері болды. Атап айтар болсақ,

саяқ, Қазақстандағы бес әлеуметтік бастама ең алдымен әлеуметтік бірлікті нығайтуға бағытталған. Ал екінші фактор өндірісті роботтандыру, технологияны цифрландыру жұмыстары әлеуметтік-мәдени капиталдың қорғаушы күші болып саналғаны жөн. Осы орайда бес бастама елдің әлеуметтік потенциалын көтеріп қоймай, экономикамыздың

сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы «Ассамблея құрылған күннен бастап еліміздегі мызғымас бірліктің ұйымтқысы, сарқылмас берекенің бастауы болып келеді. Бүгінгі күні ол — еліміздің татулығы мен

тұрақтылығының ең басты кепілі» деп бұл орайда атқарылған жұмыстарға жоғары баға берді. Президентіміз наурызда жариялаған «Бес әлеуметтік бастаманы» қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры деп атап, оны жүзеге асыруға ассамблея арқылы бүкіл халықты жұмылдыруы да тегін емес. Халқымызда «Саусақ бірікпей ише ілікпейді» деген мақал бар. Әр істі тілге, дінге, ұлтқа бөлінбей, бір адамдай атқарсақ, біз тек биіктен көрінеміз. Ел абыройы асқақ болады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Халқы ассамблеясының рухани жаңғыруға белсене атсалысатынына сенім білдіріп, Ассамблея мүшелеріне өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін бірқатар жобаға тоқталды. Сол қатарда, бірінші. «Туған жер» жобасы ассамблея үшін зор мүмкіндіктерге жол ашып береді. Екінші. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына ассамблея тікелей қатысып, басы-қасында жүруі керек. Біздің қаншама замандастарымыз, қаншама ассамблея белсенділері ел игілігі үшін риясыз қызмет етіп жүр. Ұлтына, қай өңірден екеніне, жасына қарамастан, біз олардың барлығын елге таныта білуіміз керек. Мұнда қойылатын талап біреу ғана, ол — азаматтың Қазақстан дамуына қосқан үлесі. Үшінші. Ассамблея «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасына табысты атсалыса алады.

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Осы жолғы сессияда Президент Нұрсұлтан Назарбаев жастардың сана-сезімін қалыптастыру үшін айрықша маңызы бар

өкілдерін «Туған жер» жобасына қатысуға және өз ауылдастарын қолдау үшін күш жұмылдыруға шақырды.

Қазақстан Президенті «Біз адам басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көлемін арттыру үшін үлкен жолдан өттік. Ол 600 доллардан 10 мың долларға дейін көтерілді. Бұл — әлеуметтік капиталға салынатын инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік беретін база. Бір ғана мысал, биыл қаңтар айында Дүниежүзілік экономикалық форумда мемлекеттерді бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Ол — ішкі жалпы өнімнің өсуіне және басқа да он бір параметрге байланысты болатын инклюзивті даму индексі. Бұл индекстің басты көрсеткіші — әл-ауқат деңгейі. Дамушы 74 елдің рейтингінде Қазақстан 15-орында. Мәңгіше, бұл лайықты нәтиже!» — деді.

Елбасы жындына бес бастамада неліктен бастама мәселесі басты орынға қойылғанын айтып өтті. «Бәріміз жайлы тұрмыс үшін бастаманың алатын орнын жақсы түсінеміз, — деп жалғады сөзін Нұрсұлтан Әбішұлы. — Жұмыс істей алатын кез келген азаматтың жаңа талап бойынша ипотекаға қол жеткізе алуы айрықша маңызды. Бұл дегеніміз — біздің миллиондаған азаматымыз! Олар мерзімі 25 жылға дейін ұзартылған арзан ипотека ала алады. Осыған орай, бастапқы жарна 20 пайыздан аспайтын болады. Ал бұрын бұл 50 пайыз болған еді».

Демек, алдағы уақытта жастардың ғылыммен айналысып, өріс ашуына үлкен серпіліс туатыны бесенеден белгілі. Әрине, жастарды қатты алаңдататыны бастама мәселесі десек, осы сессияда Елбасы жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің жолдарын да көрсетіп берді. Енді біздің алдымызда алаңсыз ғылыммен айналысып, жетістікке жету ғана қалды.

ЖАСТАРҒА ЖАЛЫН БЕРДІ

Әрине, тәуелсіз Қазақстанның топырағында еркіндігін өрлікпен ұштастырған әрбір этнос өкілі бейбітшіліктің, тұрақтылық

«Жана гуманитарлық білім» жобасын атап өтті. Жоба әлемнің жетекші тілдерінен ең үздік оқулықтарды қазақ тіліне аударуды көздейді. Философия, әлеуметтану, экономика, мәдениеттану, шығыстану салалары бойынша ағылшын, орыс, француз, испан тілдеріне және басқа да тілдерде басылған тамаша оқулықтар бар. Оқу процесіндегі ғылыми айналымға олардың енгізілуі отандық білімді жана деңгейге көтеретіні анық. Алайда бұл жобаны атқару үшін әр буын өз міндетін толық түсініп, бірлесе жұмыс атқару керек. Бұл тұрғыда І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Дигай Дамир ойымен бөлісті:

— Мені Елбасының Қазақстан Халқы ассамблеясының көпфункционалды мультимедиалық порталын ашуды және «Қазақстан халқы» интерактивті тарихи картасын жасауды тапсырғаны ерекше толқынды.

Елбасы «Ел иесі — қазақтың мемлекет құраушы ретіндегі айрықша ролін ескере отырып, жасалауға тиіс электронды карта ежелгі қазақ жерінде сан түрлі ұлт өкілдерінің ұйысу процесін көрнекі және толық көрсетіп береді. Білім және ғылым министрлігіне КХА-мен бірлесіп ғылыми негізде осы интерактивті картаны жасап, келесі жылы «Алғыс айту» күніне орай тұсауын кесуді тапсырамын», — деді. Сондай-ақ Қазақстан Президенті бизнес, шығармашылық және ғылыми зиялы қауым

да қарыштап дамуына оң серпін бермек. Үшінші тетік ұлттық саясатқа тікелей қатысты. Көпұлтты Қазақстанда әлеуметтік бастамалардың артықшылықтарын барлық азамат түсінуі тиіс әрі шааралатын көруі керек. Әсіресе, жастар үшін маңызы зор.

Бес әлеуметтік бастаманың басымдықтарын жеке-жеке түсіндіріп берген Президент бәлінетін қаржы көлемін жасайрған жоқ. Бастаманы жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан 2,6 триллион теңге қарастырылған. Сессияда жаһанда ұшығып тұрған экстремизм, терроризм, экономикалық санкция мәселелері көтерілді. Қазақстан әлемдік сын-қатерге қалай төтеп беруді жақсы біледі әрі татулығымен, бірлігімен өзге мемлекеттерге үлгі. Сөз соңында Елбасы ассамблеяға қазақстандық этностардың мәдениетін дамыту, әлеуметтік бірлік шеңберінде үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттардың тақырып аясын кеңейту, бес бастаманың ғылыми жобасын әзірлеу, Ассамблеяның даму жоспары мен Концепциясын жетілдіру, қайырымдылық жұмыстарын жалғастыру, жаңғыруға жастарды тарту, бюджетті тиімді пайдалану, Астанада Достық үйін ашу, ақпарат кеңістігінде бейбітшілік тақырыбында әлеуметтік бейнематериал дайындау, кітап пен мақала әзірлеуді жүзеге үйлестіру бағыттарында барлығы сегіз міндет артты.

ТАТУЛЫҚҚА БАСТАҒАН ЖОЛ

Оралбек ЖАКИЯНОВ, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының жанынан құрылған қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы: — Отанымыздың ең басты байлығы — бірлігі жасарсақ көп этносты халқы. «Жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір» халқымыз Қазақ жерінде тату-тәтті өмір сүруде. Тәуелсіздіктің ширек ғасырдан астам уақытын өткерген еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының басты факторы да — осы. Ұлы дала төрінде 100-ден астам этнос өкілдері бір шаңырақта бірлікте өмір сүруде. Мұның бәрі Президентіміз Нұрсұлтан



І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Дамир Дигай, «Туған тель» татар этномәдени орталығының белсендісі Руфина Усанова, «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының белсендісі Юлия Амелина, «Видергебурт» Талдықорған неміс орталығының белсендісі Евгения Еременко және «Күміс тамыр» кытай этномәдени орталығының белсендісі Бронислав Другов сияқты жас көшбасшыларымыз қатысып қайтты. Біз олармен кездесіп, сессиядан алған әсерін тыңдап, алдағы жоспарымен бөлістік.

СЕГІЗ ТҮРАІ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Ғабит ТҮРСЫНБАЙ, Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының бірінші орынбасары, хатшылық меңгерушісі: — Сессия шымылдығы Мемлекеттік әнұранмен түрлілді. Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары — хатшылық меңгерушісі Леонид Прокопенко жыын тізгінін қолға алып, алғашқы сөзді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа ұсынды. Президент әуелгі сөзін жыынның тақырыбына тоқталудан бастады. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті, дамудың даңғыл жолына түскен, өзге мемлекеттермен терезесі тең елдер ең алдымен әлеуметтік интеграцияға мән беріп отыр. Халықты әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету бірлікті нығайтады, экономиканы өсіреді, біртұтас ұлтқа айналдырады. Қазақстан да осы жолға түсіп үлгерді. Сондықтан, әлеуметтік бірлік саясатына ерекше көңіл бөлгеніміз абзал. Әлемде қаншама халық әлеуметтік жаңғыртудың жоқтығынан бірлігінен айырылып, болашаққа бағдар жасаудан шет қалып отыр. ХХІ ғасыр қауіп-қатердің бұрынғыдан да күрделі түскенін көрсетіп берді. Бұл ретте Қазақстан тек ынтымақ-бірлігімен ғана өзінің сара жолын салуға тиіс. Әлеуметтік саясат ел бірлігінің кепілі болатынына кеңінен тоқталған Мемлекет басшысы жуырда

ÖLKE

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



жолы» жастар қозғалысының жетекшісі, Руфина Усанова айтып берді. Ол «Үстіміздегі жылдың 15 наурызында Қазақстан Халқы ассамблеясының жетекшілігімен Астана қаласында жастар қозғалысының құрылтай конференциясы өтті. Конференцияда «Жаңғыру жолы» атты республикалық жастар қозғалысы құрылды, 2018-2020 ж.ж арналған стратегия мен ережелер қабылданды. Бұл қозғалыстың мақсаты — этномәдени бірлестіктер жанындағы жастар ұйымдарын біріктіру және де Елбасының жаңғыру, жаңғырту бойынша саясатын қолдау. Осыған орай 19 наурызда облыста аймақтық штаб құрылып, «Достық үйі — қоғамдық келісім орталығынан» арнайы кабинет бөлініп, бір жылдық жұмыс жоспар жасалды. Аймақтық штаб мүшелері небәрі бір айға жуық уақытта «Жеңіс» саябағында «Таза қала — таза саябақ» акциясын, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының брифингін, Талдықорған қаласының орта мектептерінің жоғары сынып оқушылары арасында шығарма мен сурет байқауын ұйымдастырып, «Жаңғыру жолы — Жастар жолы» атты бейнеролик түсірді. Қазақстан Халқы ассамблеясының XXVI сессиясының облыс делегаттарының қатарында аймақтық штаб мүшелері де болды. Сессияда Елбасы «Айтқан сөзім, берген уәдем орындаусыз қалмайды» деп қадап айтты. — Ол үшін елдің бірлігі мен тыныштығы керек. Сонда ғана басталған істі еш кедергісіз соңына жеткізуге болады», — деді. Президенттің сөзінде «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсенділеріне көптеген жаңа идея берді. Осыдан кейін штаб төрағасы мен мүшелері облыстық жоспарға Ұлы Отан соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің үй шаруаларына жыл бойы көмек көрсету жұмысын енгіздік. Осыған орай, 4 мамырда облыстық тыл еңбеккері Нина Литвиноваға азық-түлік себетін беріп, бәхтасын қазып бердік. 5 мамырда Ескелді ауданының Ақын Сара ауылында «Ұлы дала елінің киелі мұрасы» республикалық тарихи-экологиялық акциясы аясында ақын Сара Тастанбекқызының ескерткішінің аумағында тазалық және Қаратал ауданында «Қазақ халқына мың алғыс» монументінде абаттандыру жұмыстарына атсалыстық. Алдағы уақытта да осындай игілікті істерді жалғастырамыз.

ТҮЙІН

Қазақстан Халқы ассамблеясы — біздің мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаттағы берік ірге тасы. Оның ішінде, елдегі бірлік пен ынтымақ тоқайласатын үлкен қоғамдық институтқа айналды. Кезінде көп этностың қоныстануы мен жеріміздің кендігіне байланысты Қазақстанды бөлшектенуі мүмкін мемлекеттердің қатарына жатқызғандардың көп болғаны рас. Алайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мұндай қатердің боларын сезіп, қауіптің алдын алып, аталған ұйымды құрған болатын. Бұл шешім өз-өзін ақтады. Дана халқымыз «Ырыс қайда барасың, ынтымаққа барамын» деген нақылды бекер айтпаған. Бүгінде ынтымағы берік Қазақстанның жеткен жетістіктері орасан. Ассамблея сессиясында еліміздің бағыт-бағдарына тағы бір көз жеткіздік. Оның ішінде «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» елдегі ынтымақ пен бірлікті жарастыра түсері күмән тудырмайды. Елбасының бес әлеуметтік бастамасы халықтың тұтастығына оң әсерін тигізіп, жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатындығын айғақтай түседі. Әсіресе жастарға беріліп



пен келісімнің өздігінен келе салмайтынын білуге тиіс. Мемлекет ұдайы этносаралық және конфессияаралық процестердің тамырын басып, жіті қадағалап отыр. Ұлттық бірлікті нығайта түсу үшін Қазақстан Халқы ассамблеясы мен барлық мемлекеттік органдар тұрақты, күнделікті жұмыс жасауда. Оның жемісін желкілдеп өсіп келе жатқан жастар көріп келеді. Сонымен қатар КХА қоғамдық келісім кеңестерінің жұмысын реттеп, олардың қызметтерінің нақты критерийлерін жасауда. Бұдан бөлек, үкіметке қайырымдылықты дамыту, оның ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізуде. Бұл жастарға жасалған қамқорлық екені анық. Бұл тұрғыда сессия делегаты, «Жаңғыру

отырған мүмкіндіктер еліміздің болашағының зор екендігін дәлелдей түседі. Біздің елімізде Елбасы саясатының арқасында соғыс атаулы жоқ, аспанымыз ашық. Барлық этностар өз мәдениетін, дәстүрін, ана тілін дамытуға мүмкіндік алып отыр. Әрине, қазір ассамблеяның денгейі жоғарылады, түрлі кеңестер құрылып, ел ішіндегі мерейі аспандай түсті. Татулық пен тұтастықтың бастауында тұрған Елбасының идеясы — Қазақстан Халқы ассамблеясы әлем мойындаған институтқа айналды. Әлі де осы бағыттан таңбай үлкен игілікке жете беретіні анық.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

СӘУЕТІЙ
САТИРА



Дүниеде бар жаратылыс мүлдем жоғалып кетпей, тірі пендемісің, жан-жануар, құрт-құмырсқа болсаң болды, уақытың келгенде өліп барып қайта тірілетіңіз шүкіршілік.

Бір заманда менде пенде болып жаратылғанмын. Қауым болып қауымдасып тірлік ететінбіз... Білетінім — тас дәуірі артта қалып, айналайын темірден алғашқы құрал-сайман сайлап, біз аннан емес, аң-пысып жүретін заман болатын.

Ол дәуірге де шүкіршілік. Жазмыш бұйырған жасын жасап, арман-мақсат қойып өмір сүретіндей кезең болмаса да, жарық дүние сыйлаған Жаратушыға риза кейіппен дәм-тұз біткен күні жазмышқа мойынұсынғанбыз.

Енді, міне, Алла жар болып, «кезегім келіп»,

де білсем, қажет болғанда қауіп-қатерден құтылып кетердей қанат бұйырса артық етпес деп тәубеге келдім...

Жалбарынғанымды жаратушы қабыл алып... пәлекеттігі, қарға болып жаратыла қалмасым бар ма... Кінә өзімнен! Алдымен адам ете гөр демеген өзім... Адам болмағаным өкінгенмен, ал өтініш-тілегімді қабыл еткен жаратушыға айтарым жоқ... Тағам талғамаймын. Мұндағылар: «Қарға айтты — бок жаман емес, жоқ жаман» дейтін көрінеді. Тәуба, жейтінім алдымда,



тағы да жарық дүниеге келуімнің орайы келіпті... Пенде емеспін бе, жаратылатыным анық, неде болса деп Жаратушыға алдағы ғұмырда «өйте көріңіз, бүйте көріңіз» деп жалбарынып бақтым.

Сондағым, алдымен ғұмыр жасты ұзарта көріңізші дедім. Содан соң, тамақ атаулыны талғамай-ақ бұйыртыңыз, құрт-құмырсқа, шөп-шаламға дейінгілер менің үлесімде болса дедім. Тағы да жаурап қалтырамайын, негізі — жауым жоққа жуық болып, ашкөздердің қанша қармағына ілінсем де оларға нәпақа болудан сақтаса деп тіледім. Жүре

жемей кергітінім онан да көп... Мұндағылардың: «Қарға қанқылдап кетті, күн суытып қар түсетін шығар» дейтіні бекер емес... Көбіне қалғып-мүлгіп тал-теректе отырамын. Керек кезде төменге түсіп тал тандап жүріп кеп те беремін. Қауіп-қатер аз, етім «арам қатқыр» дәрежесінде болғандықтан, ана әдірем қапқыр мысық болмаса, мені еріккендер де ермек ете қоймайды. Ойхой, қанат бітіргені қандай ғажап!.. Қауіп-қатерді қапы қалдырады... Бағытым «Балқан тау» болса да бара аламын... Ең ғажабы, ғұмырымның ұзақтығы... Үш жүз жылдай жасайды екенмін!..

құрып құрдымға кетіп жатқан елді мекен... Қайсыбірін айтайын, осындай-осындай оспадарлығына бола аз күнде топан су қаптап тіршілік атаулы тып-тыпыл болатын көрінеді... Өз басым ондай бола қалғанда, айналайын қанатымның арқасында қалықтап ұшып жансақтар алып шынның төбесінен табылармын.

Айтарым, мына замандағы Адамның көрерін пенде басына бермесін... Адам етпей, Қарға етіп жаратқан Жаратушыма құлдық!..

Берік САДЫР,
Астана



Рамазан -

2018

1439 ыжри

мұсылмандардың қасиетті айы



Рамазан айы	Апта күндері	Мамыр. Маусым айлары	Таң намазы (ауыз бекіту)	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінші намазы	Ақшам намазы (ауызашар)	Құптан намазы
1	Сәрсенбі	16	03:51	05:25	12:52	18:00	20:13	21:47
2	Бейсенбі	17	03:49	05:24	12:52	18:01	20:14	21:49
3	Жұма	18	03:48	05:23	12:52	18:01	20:15	21:50
4	Сенбі	19	03:46	05:22	12:52	18:02	20:16	21:52
5	Жексенбі	20	03:45	05:21	12:52	18:02	20:17	21:53
6	Дүйсенбі	21	03:44	05:20	12:52	18:03	20:18	21:55
7	Сәрсенбі	22	03:42	05:19	12:52	18:04	20:19	21:56
8	Сәрсенбі	23	03:41	05:18	12:52	18:04	20:20	21:58
9	Бейсенбі	24	03:40	05:17	12:52	18:05	20:21	21:59
10	Жұма	25	03:38	05:17	12:52	18:05	20:22	22:01
11	Сенбі	26	03:37	05:16	12:52	18:06	20:23	22:02
12	Жексенбі	27	03:36	05:15	12:52	18:06	20:24	22:03
13	Дүйсенбі	28	03:35	05:15	12:52	18:07	20:25	22:05
14	Сейсенбі	29	03:34	05:14	12:53	18:07	20:26	22:06
15	Сәрсенбі	30	03:33	05:13	12:53	18:08	20:27	22:07
16	Бейсенбі	31	03:32	05:13	12:53	18:08	20:27	22:08
17	Жұма	1	03:31	05:12	12:53	18:09	20:28	22:10
18	Сенбі	2	03:30	05:12	12:53	18:09	20:29	22:11
19	Жексенбі	3	03:29	05:11	12:53	18:10	20:30	22:12
20	Дүйсенбі	4	03:28	05:11	12:54	18:10	20:30	22:13
21	Сейсенбі	5	03:28	05:10	12:54	18:11	20:31	22:14
22	Сәрсенбі	6	03:27	05:10	12:54	18:11	20:32	22:15
23	Бейсенбі	7	03:26	05:10	12:54	18:12	20:33	22:16
24	Жұма	8	03:26	05:10	12:54	18:12	20:33	22:17
25	Сенбі	9	03:25	05:09	12:54	18:13	20:34	22:18
26	Жексенбі	10	03:25	05:09	12:55	18:13	20:34	22:19
27	Дүйсенбі	11	03:24	05:09	12:55	18:13	20:35	22:20
28	Сейсенбі	12	03:24	05:09	12:55	18:14	20:35	22:20
29	Сәрсенбі	13	03:24	05:09	12:55	18:14	20:36	22:21
30	Бейсенбі	14	03:23	05:09	12:55	18:14	20:36	22:22

ЕСКЕРТУ:

1. Биыл, яғни 2018 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша қасиетті Рамазан айы 30 күн;
2. Маусымның 10-нан 11-іне қараған түні - қасиетті Қадір түні;
3. Сәресі ішу таң намазының кіруіне 10 минут қалғанда тоқтатылады;
4. Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен және т.б. жеміспен ашуға болады;
5. Тарауық намазы Құптан намазынан кейін оқылады, ал үтір-уәжіп намазы ең соңынан жамағатпен оқылады;
6. Пітір-садақаны Рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Еліміз бойынша пітір-садақасы 300 теңге;
7. 15 маусым (нұма) күні Ораза айт мейрамы басталады. Ораза айт намазы Алматы қаласы бойынша сағат 06:00-де оқылады;
8. Оразаға ниет: «Алла Тағаланың разылығы үшін таңнан күн батқанға дейін мұбарак рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім»;
9. Ауызашар дұғасы: «Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризық-несібеңмен ауыз аштым. Ұа, нешірмді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күна-кемшіліптерімді кешіре гөр!».

БАҒАЛАУ

Сенім сертификатты



Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2020 жылға дейін БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының ғаламдық хабына жетекшілік ететін болды. Бұл шешім университеттің тұрақты даму саласындағы табысты басшылық қызметінің қорытындысы негізінде қабылданды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде Қоғамдық ақпарат департаментінің директоры, БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының жетекшісі Раму Дамодаран Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановқа тиісті сертификатты табыс етті.

2014 жылдан бері ғаламдық хабты басқарып келе жатқан ҚазҰУ жұмысын БҰҰ жоғары бағалады. Р.Дамодаран университеттің өзіне

жүктелген миссияны тиімді орындағанын атап өтті. Сондай-ақ жетекші қазақстандық жоғары оқу орнының ұжымына зор алғыс білдіріп, адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге қосқан үлесі үшін шексіз ризашылығын жеткізді.

Раму Дамодаранның айтуынша, білім ордасы - БҰҰ-ның маңызды серіктесі. ҚазҰУ өкілеттіктерін 2020 жылға дейін ұзарту туралы шешім заңдылық әрі еліміздің зор жетістігі.


ӨҚЫЛЫРМАН
ҚАҒЫН

Шытырман оқиғалы мультфильм керек



Jas qazaq газетінде жарияланған (27 сәуір, 2018 жыл) «Өрмекші адам» өсіріп жатырмыз» атты мақаланы оқып шықтым. Мына заман ағысында көпшілікке аса байқалмағанымен, автор аса өзекті мәселені көтерген деп ойлаймын. Рас, біз де кішкентаймыздан «Өрмекші адамды», «Нарутоны», «Спанч бобты» және басқа да осы сияқты шетелдік мультфильмдерді көріп өстік. Өйткені дәл осылардың орнын алмастыра алатындай қазақ туындылары болған жоқ. Ал қазір бар секілді. Бірақ тым аз. Олар сырттан қаптап келіп жатқан, шытырман оқиғасымен, баланы баурап алатын дүниелерге төтеп бере алмайды.

Әрине, тәрбие беретін туындылардың болғаны дұрыс. Бірақ баланың аты бала ғой. Оның тек қызықты дүниелерге көңілі ауады. Байқасаныз, сәбилер кино немесе бағдарламаға емес, солардың арасындағы жарнамалық роликтер басталғанда, теледидарға көз алмай қарап қалады. Ондай видеолар өте



қызықты етіп жасалады. Анамның айтуынша, мен де, қарындасым да нәресте кезімізде сондай болыппыз, яғни жарнама басталғанда жалт қарайды екенбіз. Оған артық кадр пайдаланылады деушілер де бар. Бірақ бәрібір де мұндай роликтер көрініс жағынан-ақ тартымды болып шығатын тәрізді.

Көрінісі, сюжеті тартымды дүниелерді өзімізде де жасап-ақ жатыр. Бұл санатқа ағайынды Краустардың «Алдар Көкесі», Батырхан Дүрленбековтің «Қошқар мен текесін» жатқызуға болады. Бірақ бұлар теңіздігі тамшыдай ғана. Мұндай анимациялық туындыларды көбейте берген жөн. Сосын, қазақтың ұлы тұлғалары туралы да мультсериалдар түсірілсе, нұр үстіне нұр ғой. Мысалы, Бауыржан Момышұлы жайында қызықты анимациялық фильм жасалса, балалар оның батырлығын, отаншылдығын үлгі тұтып, сол кісіге ұқсауға тырысар еді.

Жалпы, менің ойымша, қазақ мультфильмдеріндегі тәрбиелік мәнге қызықты элементтер мен шытырман оқиғаларды көптеп қосу керек. Сонда ғана оған баланың көңілі ауып, басты кейіпкерге еліктеп санайды. Сонда ғана жеткіншектер үлгі тұтатын ұлттық бейнелер қалыптасады. Онсыз өнгіменің бәрі бос. «Қазақфильм» киностудиясы мен «Балапан» арнасы осыған мықтап мән беріп, баланың санасына қазаққа тән батыр да ақылды кейіпкерлерді енгізуге барынша күш салса екен.

Мұхит ТҰРСЫНӘЛІ,
Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның оқушысы,
Алматы

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕҢЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) <table><tr><td>Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №16904-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.</td><td>Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2112; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 40 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru</td></tr></table> Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.	Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №16904-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2112; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 40 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №16904-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2112; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 40 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru					